

## БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

## «Ұлттық код негізі - ұлттық тәрбие»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.02.2022

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/114074/>

Ашық сынып сағаты	Мектеп: ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімінің «№45 орта бейіндік мектебі» КММ	
Күні: 26.02.2021.	Мұғалімнің аты-жөні: Исина Айжан Камельхановна	
Сынып: 9 «В»	Қатысқандар саны:	20
	Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы	«Ұлттық код негізі - ұлттық тәрбие»	
Сабақ мақсаты:	Оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі туралы білімдерін тереңдету. Қазақ халқының адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт-дәстүрімен сабақтастығын түсіндіру, еліміздің кейбір салты мен ырымдарын үйрету. Ұлттық мәдениетке, халқымыздың тарихына қызығушылық, өз халқының салт-дәстүрін сақтауға, дамытуға дайын азаматты қалыптастыру. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Адамгершілікке, елін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ халқының бай мәдениетіне деген қызығушылықтарын одан әрі дамыту, эстетикалық тәрбие беру. Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық санады ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту: Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтанш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.	
Тілдік мақсат	Оқушылардың әдеби сөйлеу мәдениетін, өз ойларын еркін жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру	
Құндылықтарға баулу. Құндылықтарды дарыту	Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, өз елінің патриоттарын қалыптастыру, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, қазақ тілі	
Сабақ барысы		
Сынып сағаттың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығулар түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (2 минут)	ZOOM платформасында амандасу, сабағымызға сәттілік тілеу	ZOOM платформасы

<p>Сабақтың барысы</p> <p><b>Білу Түсіну</b></p> <p><b>Дескриптор :</b> Жалпы түсінік қалыптастыру. Әңгімелеу, өз ойын айту</p>	<p>Сәлеметсіздер ме оқушылар, ашық сынып сағатымызға қонаққа келген мұғалімдер.</p> <p>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Ұлттық код негізі: ұлттық тәрбие». -Ұлттық код дегенді қалай түсінеміз? -Жаһандану деген не? Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды дейміз. Бүгінде кең қолданылатын код деген сөзді құлпытты ашатын құпия кілт ұғымында түсінуге болар. Демек, қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн шығар. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі бол шығуы ғажап емес.</p> <p><b>Диалог:</b> Ұлттық кодты қалаймын тілімен айтқанда «қазақи тегіміз, қазақи діліміз, қазақи санамыз бен болмысымыз» деуге болады. Жалпы дүниеге келген әр адамның бойындағы қанындағы қасиеттері оның шыққан тегіне, алған тәрбиесіне байланысты деп ойлаймын. Алайда оларды әры қарай бағдарлап дамыту ата-анасына, отбасына, өскен ортасына тікелей байланысты. Отанын сүйгіш, ұлжанды ақын ағамыз М.Шахановтың сөзімен айтқанда, әр адам туған анасынан басқа да өзінің тағдырын тамырсыздықтан қалкалап, өміріне мәңгі астана болар құдіретті 4 Ананы танып-біліп, қадірлеп-қастерлегенде ғана өз ұлтының шын мәніндегі толыққанды өкілі бола алады. Ал ұлттың ең негізгі және бірінші көрсеткіші ол – тілі. «Тілі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынов үлкен ескерту жасап кетті.</p> <p><b>Осы орыда сымбымыздың ақын қызы Арайлым Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына арналған өлеңі бар екен. Қабыл алыңыздар!!! (Өлең оқылады)</b></p> <p><b>1. Байғазы</b> — балалардың, жастардың жаңа киімі, қуанышты сәттерге берілетін сый</p> <p><b>3. Кәде</b> — айтта, ойын тойда мейрамдарда берілетін сый. Той кәделері тойбастар, айттық, көрімдік, төбәрік, жыртыс, сарқыт.</p> <p><b>2. . Ұшықтау</b> — тамақтан, иістен ұшыған адамды ұшықтау</p> <p><b>Түсаукесер тойы</b> — сәби жүре бастаған кезде ата -анасы «балам тез жүріп кетсін»деген оймен жасалады. Арнайы жіп дайындап, жылдам жүретін адамға қидырады.</p> <p><b>2. Тілашар тойы</b> — бүлдіршінің тілі жеке -жеке сөздерді айтуға икемделе бастаған кезде, тілі тез шығуы үшін дәстүрлі «тілашар»тойы ырымын жасайды.</p> <p><b>3. Атқа мінгізу тойы</b> — баланың буыны бекіп, ат үстінде өзін -өзі ұстап отыра алатындай жағдайға жеткенде ашамай ерге мінгізіп үйретеді.</p> <p><b>4. Сүндет тойы</b> — ер балаларды 5-7 не 9 жасында сүндетке отырғызады.</p> <p><b>5. Тоқынқағар</b> — бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда өткізіледі.</p> <p><b>Соғым басы</b> — қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін - бірі қонаққа шақырады. қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.</p> <p><b>2. Жаңбыр шақыру</b> — құрғақшылық болса өткізіледі. Бұл шарада құрбандыққа мал шалынып, 10-12 жастағы күнәсіз балалар алла Тағаладан «жауын жау, жауын жау» деген тілектер тілейді. Құрбандыққа шалынған малдың беті құбылаға қаратылып, қаны суға ағызылады.</p> <p><b>3. Қыз ұзату тойы</b> — ат байлар, құдай жолы, шаңырақ көтерер, уық шаңшар, туырлық жабар, түндік жабар, отау байғазысы кәделері алынады.Қыз бен жігіт ақ отауда оңаша кездеседі. Некесі қиылады. Түрлі ойын-сауық өткізіледі, жар-жар айтылады. Қыз аттарда «Сыңсу» айтады.</p> <p><b>4. Қыз айтыру</b> — жігіт әкесі қыз үйінің теріне қамшысын іліп, «қызыңның қарғы бауына» деп бір жорға байлатады. Бойжеткенге үкілі тақия, сырға, сақиналар сыйланады.</p> <p>Балалар мен сендерді Этопқа бөліп, үйге тапсырма берген болатынмын. Ұлттық құндылықтарды, ұлттық кодты сіңдіру мақсатында тапсырма берілген болатын.</p> <p>Олай болса I топқа сөз беріледі.</p> <p><b>Санжар</b>Біріншіден, ұлттық код ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды. Мұны мақала авторы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында айтып отыр. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Едбасы айтқандай, ұлттық сал дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.</p> <p><b>Арайлым мамасымен бірге бесікке бөлеу рәсімін көрсетеді.</b></p> <p><b>Зейін!</b> Бесікке байланысты ырым-тыйымдар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бос бесікті тербетпейді.</li> <li>• Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.</li> <li>• Бесіктің теріс жағына отырмайды.</li> <li>• Бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына сатып алу керек.</li> <li>• Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің бағасын аспандатпауы керек.</li> </ul> <p><b>Таңір:</b> Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырлықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған.</p> <p><b>Құрметті оқушылар және қонақтар біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып қалған, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажет. Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра демекші сергіту сәті ретінде сіздерге қазақтың қара домбырасымен «Ата толғау» күйінен үзінді орындап берейін</b></p> <p>Келесі сөз екінші топқа сөз беріледі.</p> <p><b>Сант:</b> Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу.</p> <p><b>Ғалым:</b> Ұлттық код, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз.</p> <p><b>Ботагөз мамасымен бірге тұсау кесу рәсімін көрсетеді.</b></p> <p>Енді соңғы III топтың қандай дәстүрді дайындап келгендігін көрейік. Мейржан: мен атам екеуіміз қазақтың бойына сіңіп кеткен бата беру салтын көрсеткіміз келеді. Видеоға алдын ала түсіріп алған едік. (Видео көрсетіледі.) Оқушылар үш топтың да ата-аналарымен дайындап келген дәстүрлерінді тамашаладық. Дәстүрден кенде емес екендеріңді көрсеттіңдер. Сендерге ризамын.</p>	<p>Оқушы сөзі</p> <p>Оқушы ойы</p> <p>Оқушылар дайындаған видео</p>
---	---	---

<p>Сабақтың соңы (5 минут)</p> <p><b>Дескриптор</b> : өз ойын еркін жеткізу</p>	<p><b>Мұғалімнің қорытынды сөзі:</b> Алда өлі ұзақ жол , үлкен асулар бар . Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім , талап пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып , мерейін үстем етер , әлем таңғалар , талай-талай жаңалық ашар білімділер керек . Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын , бүгінгімізді ертеңге жалғайтын , қазақ елінің ертеңі , болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезнейік. "Сен де бір кірпіш дүниеге , Кетігін тап та бар қалан!"- деп Ұлы ақын Абай ағамыз айтқандай балалар мен сендерге мынадай сұрақ қойғым келіп тұр. <i>Туған жеріңе, туған өлкеңе сен қандай үлес қосар едің?</i></p>	<p>Мұғалімнің сабақты қорытындылауы</p>
---	---	---

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.